

Микроорганизмдердің штамдарын депонирлеу, Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 наурызда № 20161 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 391 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.11.2022 № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 46-28) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Микроорганизмдердің штамдарын депонирлеу, Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

С. Омаров

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 17 наурыздағы
№ 93 бұйрығымен
бекітілген

Микроорганизмдердің штамдарын депонирлеу, Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Микроорганизмдердің штамдарын депонирлеу, Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 46-28) тармақшасына сәйкес әзірленді және микроорганизмдердің штамдарын депозиттеу, ветеринарияда пайдаланылатын Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Микроорганизмдердің штамдарын депозиттеуді, Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізуді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ұйым) жүзеге асырады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) депозитор – микроорганизмнің штамдарын депозиттеуге өтінім беруші жеке немесе заңды тұлға;

2) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті;

3) микроорганизмнің штамын депозиттеу – микроорганизмнің штамын ұйымға беру, микроорганизм штамының үлгісін тіркеу, сақтау және мүдделі тұлғаларға беру;

4) микроорганизм өсіріндісі – қоректік ортада өсірілген тіршілікке бейімді микроорганизмдердің жиынтығы (популяциясы);

5) штамм – микроорганизмнің таза өсіріндісі.

4. Ветеринарияда пайдаланылатын микроорганизмдер штамдарын Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясында сақтауға жұмсалған шығыстар Заңның 35-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

5. Ветеринарияда пайдаланылатын, Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясында сақтауға жатпайтын микроорганизмдер штамдарын депозиттеу Заңның 35-бабы 2-тармағының 6-2) тармақшасына сәйкес депозитор есебінен жүргізіледі.

6. Ұйым депозиттеуге ветеринарияда пайдаланылатын, сондай-ақ ғылыми зерттеулер нәтижесінде және жануарлар ауруларын диагностикалау кезінде

алынған жануарлардың аса қауіпті ауруларының қоздырғыштарын (бактериялар, вирустар, патогенді саңырауқұлақтар, қарапайымдылар) қабылдайды.

2-тарау. Микроорганизмдер штамдарын депозиттеу тәртібі

7. Ұйымда микроорганизмдер штамдарын депозиттеуді депозиторлар жүзеге асырады.

8. Депозиттеу жүргізу рәсімі бастапқы және қайта депозиттеу болып бөлінеді.

1-параграф. Бастапқы депозиттеу рәсімі

9. Депозитор микроорганизм штамын депозиттеу үшін ұйымға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроорганизм штамын депозиттеу туралы өтініш береді.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроорганизмді депозиттеу туралы қолдаухат;

осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша депозиттеуге берілетін микроорганизм штамының паспорты;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша депозиттеуге берілетін вирус штамының паспорты;

қажет болған жағдайда микроорганизм штамы зерттеулерінің толық және жан-жақты сипаттауы (жұмыс барысы, манипуляциялар) бар әдістемелік ұсынымдар (нұсқаулықтар, қағидалар));

микроорганизмнің депозиттелген штамының генетикалық сипаттамаларын растайтын құжат;

микроорганизмнің штамы.

Микроорганизмнің штамын қабылдау үшін ұйым басшысының не оның міндетін атқарушы адамның шешімімен комиссия құрылады.

Комиссия микроорганизм штамын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаптаманың жай-күйін, салынған материалдың өтінішке сәйкестігін, оның сыртқы түрін тексереді және еркін нысанда тиісті акт жасайды, оның бір данасы депозитордың мекенжайына жолданады.

10. Микроорганизм штамын ұйымға берген кезде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

1) микроорганизм штамы лиофилизделінген немесе мұздатылған (крио консервіленген) немесе табиғи күйде тасымалдау кезінде микроорганизм штамына байланысты температуралық режимді сақтай отырып, ұсынылады (температуралық датчиктермен немесе басқа құрылғылармен расталады);

2) депозиттелетін материал салынған ампулалар (сауыттар), пробиркалар герметикалық бітеліп жабылады және микроорганизм штамының аты, дайындалған күні бар заттаңбалармен жабдықталады.

11. Депозиттелетін микроорганизм ұйымға практикалық және ғылыми қажеттіліктерге сүйенген мөлшерде және түрде беріледі. Вирустар үшін сыйымдылықтар саны (пробирка, құтылар, ампула, криопробирка) кемінде он, бактериялар үшін – кемінде бес, патогенді саңырауқұлақтар үшін – кемінде бес болады.

12. Депозиттеуге мынадай қасиеттерге сәйкес келетін микроорганизмдер штамдары беріледі:

түрге (тұқымдастарға, сероварға) тән антигендік құрылымы бар;

морфологиялық, культуралдық, ферменттік белгілерге сәйкес келетін;

айтарлықтай айқын пайдалы қасиеттерге (жоғары инфекциялық және антигендік белсенділік, иммуногендік) ие;

жасанды қоректік орталарда немесе табиғи және табиғи сезімтал жануарлар организмінде (құстар эмбриондарында), бастапқы биологиялық қасиеттерін өзгертпей жасушалардың өсірінділерінде өсу қабілетіне ие.

13. Микроорганизм штамы сақтаудың температуралық режимі сақталған кезде 5 (бес) жыл бойы бастапқы биологиялық қасиеттерін айтарлықтай жоғалтпауы тиіс.

14. Депозиттеуге келіп түсетін микроорганизмдер штамдары тазалық пен өміршеңдікке міндетті тексеруден өтеді.

15. Ұйымға депозиттелетін микроорганизмдер штамдары олардың белгілі бір түрге жататынын көрсететін биноминальды латын атауларын пайдалана отырып, "Ветеринариялық есеп пен есептілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 16-07/114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9342 болып тіркелген) 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринарияда пайдаланылатын микроорганизмдер штамдарының қозғалысын есепке алу журналында тіркеледі.

Микроорганизмдердің тіркелетін жүйелі топтары былай белгіленеді: В – бактерия, AV – жануарлар вирусы, BV – бактериялар (бактериофаг) вирусы, P – қарапайымдылар, F – патогендік саңырауқұлақ.

16. Микроорганизм штамын депозиттеу кезінде коллекциялық нөмір беріледі. Микроорганизм штамына берілген коллекциялық нөмір оны беру кезінде өзгермейді.

Микроорганизм штамы жоғалған (есептен шығарылған) кезде оның коллекциялық нөмірін басқа микроорганизм штамына беруге жол берілмейді.

17. Микроорганизм штамының тіршілікке қабілеттілігі мен тазалығы анықталғаннан кейін, бірақ микроорганизм штамы берілген күннен кейін екі айдан кешіктірмей ұйым депозиторға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша депозиттеу туралы куәлік береді.

Депозиттеу туралы куәлік осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроорганизмнің коллекциялық штамының паспортымен қоса жүреді.

Сақтауға қабылданған және депозиттеу рәсімінен өткен микроорганизмдердің штамдарына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйым ақпараттық карта толтырады.

18. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша депозиттеу туралы куәлік депозиторға жіберілген сәттен бастап, депозиттеу аяқталды деп есептеледі.

19. Ұйым микроорганизм штамын депозиттеуден бас тарта алады, егер:

1) ұйым техникалық тұрғыдан өз функцияларын жүзеге асыра алмайтындай, микроорганизмнің қасиеттері соншалықты ерекше болса;

2) материал микроорганизмі жоқ немесе микроорганизмнің ұсынылған өсіріндісі тіршілікке қабілетті емес немесе бөгде микроорганизмдермен ластанған (контаминация) жай-күйде алынса;

3) штам тазалық пен тіршілікке қабілеттілік талаптарына сәйкес келмесе. Бұл жағдайда депозиторға депозиттеу рәсімін қайта жүзеге асыруға жол беріледі.

20. Микроорганизм штамы тіршілікке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда, ұйым жоғалту фактісі анықталған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде депозиторға жоғалту себебін көрсете отырып және микроорганизм штамын қайта депозиттеу туралы ұсыныспен тиісті жазбаша хабарлама жібереді.

21. Тиісті хабарлама немесе микроорганизм штамы депозиторға жіберілгеннен кейін бір ай ішінде жауап болмаған жағдайда, штам есептен шығарылады..

2-параграф. Қайта депозиттеу рәсімі

22 Микроорганизмнің депозиттелген штамы тіршілікке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда, қайта депозиттеу жүзеге асырылады.

23. Микроорганизм штамын қайта депозиттеу үшін депозитор ұйымға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроорганизм штамын қайта депозиттеу туралы жазбаша өтініш береді.

Өтінішке:

депозиттеу туралы куәліктің көшірмесі;

микроорганизм штамы қоса беріледі.

24. Қайта депозиттеуді жүзеге асыру үшін микроорганизм штамының тазалығы мен тіршілікке қабілеттілігі тексеріледі және депозиторға осы

Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша депозиттеу туралы куәлік қайта беріледі.

Қайта депозиттеу кезінде депозиттеу туралы куәлікке осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша депозиттеуге салынған микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігі туралы куәліктің көшірмесі қоса беріледі.

3-параграф. Тіршілікке қабілеттілігі туралы куәлікті беру

25. Ұйым онда депозиттелген әрбір микроорганизм штамының тіршілікке қабілеттілігін:

1) оны алғаннан кейін дереу;

2) микроорганизмнің түріне және оны сақтаудың ықтимал жағдайларына байланысты тиісті уақыт аралығы өткен соң немесе егер бұл техникалық себептер бойынша қажет болса, кез келген уақытта;

3) депозитордың талабы бойынша кез келген уақытта тексереді.

26. Ұйым қосымша микроорганизм штамының кез келген биологиялық қасиеттерін (белгілерін) тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ генетикалық маркерлерді анықтау және генетикалық паспортты әзірлеу мақсатында оның геномын немесе дезоксирибонуклеин қышқылы, рибонуклеин қышқылы молекуласының спецификалық учаскесін секвенирлеуді жүргізеді.

27. Ұйым тіршілікке қабілеттілікті анықтау даулы нәтижелер берген немесе ол айтарлықтай техникалық қиындықтарға байланысты болған жағдайларда, депозиторды тексеруді жүзеге асыруға тартады.

28. Ұйым депозиттелген микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігі туралы куәлікті:

1) сұратуы бойынша депозиторға;

2) депозитордан басқа, ресми сұрау салуы бойынша микроорганизмнің депозиттелген штамы берілген жеке немесе заңды тұлғаға береді.

29. Депозиттелген микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігі туралы куәлік осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

3-тарау. Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізу тәртібі

30. Қазақстан Республикасында бар, ветеринарияда пайдаланылатын, сондай-ақ ғылыми зерттеулер нәтижелерінде, жануарлар ауруларын диагностикалау кезінде алынған микроорганизмдердің штамдары Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясында сақталуы тиіс.

31. Ұйымда мынадай нысандар бойынша штамдарды депозиттеу жүзеге асырылады: микроорганизмдер штамдарын сақтау мақсатында депозиттеу және микроорганизмдер штамдарын ұлттық патенттік депозиттеу.

1-параграф. Микроорганизмдер штамдарын сақтау мақсатында депозиттеу

32. Ұйым Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясына сақтауға ұйымдар, әзірлеушілер және өндірушілер үшін қызығушылық туғызатын микроорганизмдер штамдарын қабылдайды.

Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясында сақтауда тұрған микроорганизмдер штамдары туралы ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады.

33. Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясына микроорганизм штамдарын сақтауға берген депозиторға кейіннен ұйымнан микроорганизмдердің депозиттелген штамының үлгісін алуға жол беріледі.

2-параграф. Микроорганизм штамын ұлттық патенттік депозиттеу (ғылыми өнертабысқа өтінім беру мақсатында депозиттеу)

34. Егер микроорганизм штамына немесе оны пайдалану тәсіліне патент алуға өтінім беру жоспарланса, микроорганизм штамын ұлттық патенттік депозиттеу жүзеге асырылады.

35. Микроорганизм штамының тазалығы мен тіршілікке қабілеттілігі анықталғаннан кейін депозиторға берілген коллекциялық нөмірін көрсете отырып, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроорганизмнің депозиттеу туралы куәлігі беріледі.

36. Депозиттеуді жүзеге асыру және микроорганизмдердің депозиттелген штамы туралы ақпарат, сондай-ақ микроорганизмдер штамының өзі де депозитордың келісуімен құпия болып табылады.

4-тарау. Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясынан микроорганизмдер штамдарын беру

37. Ұйымда сақтауда тұрған Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясынан микроорганизмдер штамдарын беру ведомствоның келісуі бойынша және штамдарды сатып алу мақсаты көрсетілетін жеке немесе заңды тұлғалардың ресми сұранымы негізінде жүргізіледі.

38. Жеке немесе заңды тұлғаларда микроорганизмдер штамдарымен жұмыс істеу үшін техникалық мүмкіндіктердің болуы оларға микроорганизмдер

штамдарын берудің қажетті шарты болып табылады. Ұйымға тиісті жазбаша растау сұратуға жол беріледі.

39. Микроорганизмдер штамдарын алушылар тарапынан берілген материалдың сапасына қойылатын талаптар оларды берген сәттен бастап бір ай ішінде қабылданады.

40. Алушы ұйымнан алған микроорганизмдер штамдарын ресми сұранымда көрсетілген мақсаттарда ғана пайдаланады.

41. Ұйым микроорганизмнің депозиттелген штамының үлгісін:

- 1) жазбаша сұрауы бойынша депозиторға;
- 2) депозитордан басқа, ресми сұраным берген және ол сұранымға ғылыми-зерттеу жұмысында пайдалануға авторлардың келісуімен микроорганизмнің депозиттелген штамының үлгісін беруге депозитордың жазбаша рұқсаты қоса берілген жағдайда, жеке және заңды тұлғаларға береді.

42. Микроорганизмдер штамын берген кезде ұйым мынадай құжаттаманы ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған микроорганизмдер штамының түрі көрсетілген кепілхат;

2) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроорганизмнің коллекциялық штамының паспортынан үзінді көшірме;

3) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан микроорганизмдер штамдарын ұйымнан тысқары беру актісі.

43. Ұйым ішінде микроорганизмдер штамдарын жіберу (алу) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зертхананың (ұйымның) ішінде микроорганизмдер штамдарын беру актісін жасай отырып және тиісті журналдарға жаза отырып, ұйым басшысының жазбаша рұқсаты бойынша ғана жүзеге асырылады.

Микроорганизмдерді уақытша сақтауға беру кезінде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес микроорганизмдерді уақытша сақтауға (сақтаудан кейін) беру актісін ресімдеу қажет.

44. Микроорганизмдер штамдарын тасымалдау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 684 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15990 болып тіркелген) бекітілген "Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары және Қазақстан Республикасының

аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесі сақтала отырып, жүзеге асырылады.

5-тарау. Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын қоса алғанда, микроорганизмдердің депозиттелген штамдарын сақтау және жаңарту тәртібі

45. Микроорганизмдердің штамдары жеке үй-жайларда, тоңазытқыштарда (жанбайтын шкафтарда, сейфтерде) топтар (тектер) бойынша бөлек сақталады.

Жұмыс күні аяқталғаннан кейін тоңазытқыштар, шкафтар, сейфтер мөрленеді

46. Микроорганизмдер штамдарын сақтауға жауапты адамдар күнделікті микроорганизмдер штамдарын сақтау температурасын бақылайды.

47. Микроорганизмдер штамдарын сақтау микроорганизмдердің коллекциялық штамының паспортына сәйкес жүргізіледі, онда сондай-ақ биологиялық белсенділік және себу кезеңділігі көрсетіледі.

48. Микроорганизмдер штамдары тұратын сыйымдылықтарда анық, өшпейтін жазулар немесе микроорганизмдер штамының аты, коллекциялық нөмірі мен қайта себу (лиофилизация) күні көрсетілген берік желімделген затбелгілер болады.

49. Жауапты қызметкерлер жыл сайын сақтау картасына сәйкес жаңартылуы тиіс микроорганизмдер штамдарын анықтайды.

50. Жаңарту жұмыстарын "таза" бокста жүргізеді, онда зерттеу кезінде микроорганизмдердің басқа штамдарымен жұмыстар жүргізілмейді.

51. Микроорганизмдер штамдарын жаңартуға жауапты қызметкерлер микроорганизмдер штамдарын ұйымнан алады, паспорттық және басқа да құжаттық сипаттамалармен танысады.

52. Микроорганизмдер штамын жаңартуға жауапты қызметкер оның қозғалысын есепке алу жөніндегі құжаттаманы толық жүргізеді, микроорганизмдер бар сыйымдылықты себу немесе жою мақсатында ашып қарау актісін, осы Қағидаларға 14 және 15-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша микроорганизмдер штамын жою актісін дайындайды және вирустарды жаңарту нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынақ хаттамасы жасалады.

53. Микроорганизмдер штамдарын табиғи түрде сақтауға жол беріледі.

54. Ампуладағы (құтыдағы) микроорганизмдер штамдарын сублимациялық кептіру (лиофилизация) кептіру аппараттарында жүргізіледі. Алдын ала мұздату Цельсий бойынша минус 50-70 градуста төмен температуралы тоңазытқышта не сублимациялық аппарат камерасында жүзеге асырылады. Микроорганизмнің әрбір штамы үшін лиофилизацияның жұмсақ режимі таңдалады.

55. Аппаратта бір мезгілде микроорганизмнің тек бір штамын кептіруге рұқсат етіледі.

56. Кейіннен ампуладан лиофилизацияланған шамды себе отырып, микроорганизмдер шамдарын реактивациялау былай жүргізіледі:

1) ампуланың дәнекерленген ұшы алдын ала спиртпен мақталы тампонның көмегімен өңделеді және от жалынының үстінде қыздырылады;

2) сызаттың пайда болуы үшін қыздырылған ұшына стерильді сумен суланған мақта тампонын (мақта тығынын) басады;

3) пинцетпен, скальпельмен (немесе басқа да қолайлы құралмен) ампуланың ұшы стерильділікті сақтай отырып, қопарылып алынады;

4) ампула ішіндегі мақта тампоны (егер ол бар болса) пинцетпен алынады;

5) пипеткалардың көмегімен ампулаға стерильді су (физиологиялық ерітінді) енгізіледі;

б) бөлме температурасында жиырма минуттан кейін суспензия қоректік ортаны инокуляциялау үшін пайдаланылуы мүмкін.

57. Бактериялық үлгілерді криосақтау микроорганизмдер шамдарын ұзақ уақыт сақтау үшін қолданылады.

6-тарау. Микроорганизмнің депозиттелген штамының құжаттамасына өзгерістер енгізу тәртібі

58. Депозитор микроорганизмдер штамының ғылыми сипаттауына және (немесе) таксономиялық анықтамасына толықтырулар енгізеді. Кез келген толықтыру еркін нысанда жазбаша хабарлама түрінде енгізіледі.

7-тарау. Микроорганизм штамын түгендеу және есептен шығару рәсімі

59. Ұйым 5 (бес) жылда бір рет микроорганизм штамын одан әрі сақтау үшін Микроорганизмдердің депонирленген шамдарының ұлттық коллекциясында сақтауды қоса алғанда, олардың құндылығы туралы мәселені қарайды.

60. Түгендеу рәсімі қолда бар микроорганизмдердің барлық шамдарын бірдейлендіруді қамтиды.

61. Ұйым микроорганизм штамын есептен шығару туралы шешім қабылдаған жағдайда, ведомство алдын ала жазбаша хабардар етіледі және кейіннен депозиторға оның жүзеге асырылу себебі мен күні көрсетіле отырып, ақпараттық хат жіберіледі.

Микроорганизмдердің
шамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген шамдарының

ұлттық коллекциясын жүргізу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің
"Ветеринария бойынша ұлттық
референттік орталық"
шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнына

Микроорганизм штамын депозиттеу туралы өтініш

Депозитор _____

микроорганизмдер штамын депозиттеуді жүзеге асыруды сұрайды.

1. Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

—

2. Тұрғылықты және тіркелген жері бойынша мекенжайы/Тұрған жерінің мекенжайы

(заңды мекенжайы): _____

(индекс, қала (облыс), аудан, көше, үй (офис) нөмірі)

3. Байланыс телефондары (факс нөмірі): _____

—

4. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі: _____

—

—

—

Депозитор басшысы: _____

—

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Күні: 20 жылғы " "

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын жүргізу
қағидаларына
2-қосымша

Микроорганизмді депозиттеу туралы өтінішхат

Депозитор _____ Қазақстан
Республикасында

жаңалық ашуға өтінім бере отырып, тіркеу және сақтау мақсатында
микроорганизмді депозиттеу
туралы өтініш жасайды.

1. Микроорганизмнің аты _____

2. Өсіру шарттары _____

—
3. Консервациялау шарттары _____

—
4. Сақтау шарттары _____

—
5. Реактивациялау шарттары _____

6. Тіршілікке қабілеттілігін тексеру шарттары _____

—
7. Консорциум компоненттері (егер қолданылса) _____

—
Компоненттердің сипаттауы _____

—

—
8. Микроорганизмдер консорциумында компоненттердің бар-жоғын тексеру
тәсілі

—
9. Микроорганизмнің ғылыми сипаттауы және/немесе таксономиялық
анықтамасы

—

—
10. Патогендікке және/немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін қасиеттерін
көрсету

—
үшін өсіріндіні немесе консорциумды тексеру нәтижелері туралы анықтама

—

—

Депозитор басшысы:

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Күні: 20 жылғы " "

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын жүргізу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан
Бекітемін

20 жылғы " " "

Депозиттеуге берілетін микроорганизм штамның паспорты

1. Номенклатуралық деректер:

Коллекциялық нөмірі		
Түрі	Түрі	Кіші түрі, нұсқасы
Депозитор берген нөмір	Синонимдер:	
Алынғаны:		Алынған күні:

2. Шығу тегі: организмнен бөлініп алынған немесе организмнен тыс

_____ бөлінген (организмнен, топырақтан және басқа көздерден)		Бастапқы штамм (дар) туралы мәліметтер, тану сілтемесі, орналасқан жері (коллекция)	
Бөлуге арналған үлгілерді алу орнының орналасқан орны			
Бөлу тәсілі (ортасы және шарттары)			
Кім бөлді		Құру тәсілі (ортасы, мутагені, әсер ету шарттары)	
Сәйкестендірілді (анықтаушыға библиографиялық сілтеме бойынша)			
Типтік штаммен салыстырылды (коллекциялық нөмірі)			
Түрдің кітапта келтірілген сипаттауы			
Кім сәйкестендірді	Күні	Кім құрды	Күні

3. Биотехнологиялық сипаттамалары:

Өнертабысқа арналған өтінім беруге негіз болған шығарылатын заттың атауы, қасиеті немесе штамның өзге де мақсаты			
Пайдалы қасиеттің ең жоғары деңгейін қамтамасыз ететін орта құрамы және өсіру шарттары:		Өнімнің шығуы, белсенділік деңгейі, өнімділігі:	

Анықтау тәсілі (тестілеу):

Басқа ерекшеліктер:

Морфологиялық культуралдық қасиеттері

4. Вегетативті жасушалар:

Орта, температура, жасы, өсу жағдайы		
Пішіні, түсі, өлшемдері	Жиектерінің кескіні	Грам бойынша бояуы
Қышқылға төзімділік	Клетка қабырғасының типі	Көбею түрі
Бөлу кезіндегі алшақтық типі, жасушалар агрегаттары	Қозғалғыштығы (типі, бұралу сипаты)	Органеллалар, косулар, вакуольдер
Бүршіктер, өскіндер, мұртшалар, өсінділер	Капсула, қаптар	Ультракұрылым ерекшеліктері

5. Мамандандырылған жасушалардың пайда болуы (споралар, цисталар):

Шарттарға ықпал ететін орта, температура, жасы		
Жасушалардың тип (тер) і	Пайда болу сипаты (споралар үшін: экзо-немесе эндогенді)	Жасушалар нысаны
Жасушалардың саны мен орналасуы	Жасушалардың пішіні, өлшемдері	Жасушалардың өсуінің типі мен шарттары

Басқа ерекшеліктер:

6. Тығыз ортадағы колониялардың сипаттамасы:

Орта, температура, жасы, өсу шарттары	Мөлшері	Пішіні, профилі, ж и е г і , қозғалғыштығы	Консистенция және беті (S немесе R)	Бет жағының, кері жағының түсі, флуоресценция, мөлдірлігі, ортаға пигменттердің бөлінуі
---------------------------------------	---------	--	-------------------------------------	---

7. Сұйық ортада өсу

Орта, температура, жасы, өсу жағдайлары	Өсу сипаты (пленка, сақина, шөгінді, лайлануы, пробирка қабырғасы бойымен өсу)
Ортаның өзгеруі (боялу, флуоресценция, иіс, сутегі көрсеткішінің өзгеруі, тұнбаның түсуі)	Басқа ерекшеліктер

Физиологиялық биохимиялық қасиеттері

8. Трофикалық топқа жататындығы: фотоавтотрофтар, фотогетеротрофтар, хемоавтотрофтар, хемогетеротрофтар; айқындау шарттары:

9. Фото - және хемосинтез кезіндегі донорлар (Д) және электрондардың акцепторлары (А):

10. Катаболизм түрлері: тыныс алу, анаэробтық тыныс алу, ашыту; шарттар:

11. Симбиотрофты қатынастар(жыртқыш, паразитизм), серіктестер, шарттар:

12. Қарым-қатынасы:

Оттегіге (аэроб, микроаэрофил, аэротолерантты немесе катаң анаэроб)			
Жарыққа (спектр, қарқындылық)	Температура (ең жоғары, ең төменгі, оңтайлы)	Сутегі көрсеткіші (ең жоғарғы, ең төменгі, оңтайлы)	Антибактериалды агенттерге (концентрациясы)

Фагам	Осмо - және галотолеранттылық	Басқа факторлар
-------	-------------------------------	-----------------

13. Алмасудың басқа да физиологиялық ерекшеліктері:

Дифференциалды және диагностикалық ферменттер		Диагностикалық субстраттарға әсер ету (желатин, крахмал, эскулин)
Ашыту өнімдері	Күкіртсутектің, индолдың пайда болуы	Басқа ерекшеліктері

14. Штамның маркерлік белгілері және оларды анықтау әдістері:

Генетикалық (ерекше мутациялар)	Физиологиялық (ауксотрофтық)
Биохимиялық	Иммунохимиялық

5. Гено-және хемо-таксономикалық сипаттамалар:

Репер штамдарының дезоксирибонуклеин қышқылымен дезоксирибонуклеин қышқылын гибридизациялау	Геном мөлшері, плазмидтің болуы және сипаттамасы
жасушалық қабырғаның дифференциалды компоненттері:	
липидті құрамның дифференциалды ерекшеліктері, микол қышқылдары:	
дифференциалды антигендер:	
басқа ерекшеліктер: ақуыз спектрлері, цитохромдар, хинондар	

16. Патогенді қасиеттерінің бар-жоғы туралы мәліметтер:

17. Депозиторлар туралы мәліметтер:

№ р/с	Депозитордың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Лауазымы	Қолы	Күні	Атауы, мекенжайы және телефоны
1					

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын жүргізу
қағидаларына
4-қосымша
Нысан
Бекітемін

20__ жылғы " __ " _____

Депозиттеуге берілетін вирус штамның паспорты

1. Вирус және штам атауы (қабылданған халықаралық терминология), шартты белгісі
немесе нөмірі _____

2. Қай жерде, кім, қашан және қай жануардан вирус бөліп алды _____

3. Қандай мекемеден штамм алынды, алынған күні _____

4. Штамның сипаттамасы (эпизоотиялық, вакциналық, өндірістік, мұражайлық,

зертханалық) және оның нысаналы мақсаты _____

5. Штамның телнұсқасы қайда (қандай мекемеде) сақталады _____

6. Штамды сипаттайтын негізгі қасиеттері (таксономия): вирус штамы жатқызылған

түрі _____

7. Басымдықты тропизм (эпителиотроптық, нейтротроптық) _____

8. Сезімтал жануарлар (табиғи сезімтал және зертханалық), жұқтыру әдістері және

инкубациялық кезең _____

9. Гемагглютининдейтін қасиеттері (титр) _____

10. Штамның серологиялық сипаттамасы (антигендік қасиеттері):

Комплиментті байланыстыру реакциясы _____

Диффузды преципитация реакциясы _____

Гемагглютинацияның кідіріс реакциясы _____

Сутегі көрсеткіші (бұдан әрі – рН) _____

11. Штамның иммуногендігі _____

12. Вирус штамының титрі (анықталған биологиялық жүйені көрсету) _____

13. Вирустың табиғи жағдайда таралу қабілеті _____

14. Штамды сақтаудың негізгі шарттары:

Сақтау температурасы _____

Ортаның құрамы және тұрақтандырғыш _____

ортаның рН _____

"Жаңартусыз" сақтаудың рұқсат етілген ұзақтығы _____

15. Тығындау түрі _____

16. Штамды қолдау және "жаңарту":

Жасуша өсірінділері (жасушалар түрі) _____

Құстарды дамытатын эмбриондар _____

Зертханалық немесе ауыл шаруашылығы жануарлары _____

Соңғы "жаңарту" кезеңділігі мен уақыты _____

17. Ұзақ сақтау және қолдау кезінде штамның негізгі қасиеттерінің тұрақтылығы:

Титрды сақтау _____

Титр белсенділігі _____

Иммуногендікті сақтау _____

Вирустың генетикалық қасиеттерінің тұрақтылығы _____

Штамм қандай түрде және мөлшерде беріледі (жіберіледі).

Тасымалдау және "жаңарту" жөніндегі ұсынымдар

Штамм туралы қосымша мәліметтер (бактериялылыққа қатысты стерильділік; контаминанттардың бөгде патогенді вирустарының болмауы) _____

20. Штамм кімге беріледі (қайда жіберіледі) _____

21. Беру немесе жіберу үшін негіздеме (кімнің рұқсаты немесе өкімі, нөмірі, күні))

22. Берілген (жөнелтілген) күні _____

№ р/с	Депозитордың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Лауазымы	Қолы	Күні	Атауы, мекенжайы және телефоны
1					

Депозиттеуге берілетін
вирус паспортына
қосымша

Сақтау картасы

Коллекциялық нөмір _____

Штамды консервациялау және сақтау қоректік ортада сақтау қоректік ортада сақтау:

Алдын ала өсіру	Сақтау					Ақпарат көздері
Орта, аэрация, себу әдісі (штрих, дәрі себу), жасы (өсу фазасы), тынышталған жасушалардың спораларының пайда болуына ықпал ететін шарттар,	Сақтау температурасы	Ұсынылатын қайта себу мерзімдері	Тіршілікке қабілеттілігін сақтаудың ең көп ұзақтығы	Сақтау кезіндегі қасиеттерінің өзгеруі		

Минералды маймен сақтау:

Алдын ала өсіру	Сақтау					Ақпарат көздері
Орта, аэрация, себу әдісі (штрих, дәрі себу), жасы (өсу фазасы), тынышталған жасушалардың спораларының пайда болуына ықпал ететін шарттар,	Сақтау температурасы	Ұсынылатын қайта себу мерзімдері	Тіршілікке қабілеттілігін сақтаудың ең көп ұзақтығы	Сақтау кезіндегі қасиеттерінің өзгеруі		

Суда немесе су ерітінділерінде сақтау:

Алдын ала өсіру	Сақтау					Ақпарат көздері
Орта, аэрация, себу әдісі (штрих, дәрі себу), жасы (өсу фазасы), тынышталған жасушалардың спораларының пайда болуына ықпал ететін шарттар	Сақтау температурасы	Ұсынылатын қайта себу мерзімдері	Тіршілікке қабілеттілігін сақтаудың ең көп ұзақтығы	Сақтау кезіндегі қасиеттерінің өзгеруі		

Лиофилизирленген (I-кептірілген) күйде сақтау:

Алдын ала өсіру	Лиофилизация (L-высушивание)					Сақтау
Орта, температура, аэрация, жасы (өсу фазасы), тынышталған жасушалардың спораларының пайда болуына	Қорғаныш орта	Жасуша концентрациясы	Эквилибрация уақыты және температурасы	Лиофилизация (L-кептіру) режимі		

ықпал ететін шарттар				Қалдық ылғалдылық	температурасы
----------------------	--	--	--	-------------------	---------------

Төмен (Цельсий бойынша минус 20 градустан Цельсий бойынша 90 градусқа дейін) және аса төмен температурада (сұйық азотта және оның буларында) сақтау:

Алдын ала өсіру	Консервация					Сақтау
Орта, температура, аэрация, жасы (өсу фазасы), тынышталған жасушалардың спораларының пайда болуына ықпал ететін шарттар	Консервацияға арналған материал: агарлы блоктардың суспензиясы	Криопротектор	Жасушалар концентрациясы	Эквилирация уақыты мен температурасы	Консервациялау режимі	

Микроорганизмдердің штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізу қағидаларына 5-қосымша
Нысан

Депозиттеу туралы куәлік

№ _____

20__жылғы " "

Депозитор _____

(жеке тұлға үшін - аты, әкесінің аты(бар болса), тегі, тұратын орны; заңды тұлға үшін - атауы, орналасқан жері (заңды мекенжайы))

1. Микроорганизмнің аты _____

(атауы, коллекциялық нөмірі)

2. Микроорганизмнің ғылыми сипаттауы және/немесе таксономиялық анықтамасы

тұқымдас: _____

туыстас: _____

түрі: _____

1-тармақта аталған микроорганизммен депозиттеу туралы өтінішхат бірге жүреді, ол мынаны қамтиды:



паспорт

3. Алу және қабылдау Осымен 1-тармақта аталған микроорганизм сақтау мақсатында

депозиттеуге алынғаны бекітіледі

4. Депозиттеу күні _____

5. Ұйым _____

Зертхана меңгерушісі:

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі) (қолы)

Күні: 20 жылғы " "

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын жүргізу
қағидаларына
6-қосымша
Нысаны
Бекітемін

20 ___ жылғы " ___ " _____

Микроорганизмнің коллекциялық штамының паспорты

Штамм нөмірі: _____

Депозиттеу күні: _____

1. Өсіріндінің түрлік аты: _____

2. Штамның нөмірі мен атауы: _____
3. Штамды кім, қашан және қай жануардың түрінен бөліп алды: _____
4. Аталған штамды кім (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі), қайда (ұйым және оның мекенжайы) және қашан сәйкестендірді: _____
5. Анықтаушыға библиографиялық сілтеме: _____
6. Штамның культуральдық-морфологиялық және биохимиялық ерекшеліктері _____
7. Серологиялық қасиеттері: _____
8. Зертханалық жануарлардың биологиялық қасиеттері (патогендігі) _____
9. Штам қолдану саласы: _____
10. Штамды ұзақ сақтауға арналған ортаның тәсілі, шарттары және құрамы: _____
11. Штамды көбейтуге арналған ортаның тәсілі, шарттары және құрамы: _____
12. Ферментацияға арналған ортаның шарттары мен құрамы: _____
13. Штамның генетикалық ерекшеліктері (антибиотиктерге, фагтарға тұрақтылығы) _____
14. Штамм зоопатогенді ме? Фитопатогенді ме? (иә, жоқ): - басқа себептермен қауіп төндіре ме? _ егер "иә" болса, түсіндіру керек:
15. Депозиттеу себептері:
- а) үлгілерді сақтау және беру мақсатында: _____
- б) жаңалық ашуға өтінім беру мақсатында: _____
16. Автор штамға сұраным туралы ақпарат беруді сұрайды (иә, жоқ): _____
17. Штам туралы ақпарат патент алғанға дейін коллекция каталогына енгізіледі (иә,

жоқ): _____

18. Автор штаммның зерттелетіні туралы хабардар етілді және Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясына енгізілді, _____ өсірінді үлгілері коллекциялар шығындарын жабатын қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес таратылатын болады (иә, жоқ): _____

Штамдар тіршілікке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда, авторлар Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясында оларды қалпына келтіреді.

Автор патенттің алынғаны туралы депозитке салынған күннен бастап 3 (үш) жыл өткенге дейін жазбаша хабардар ететін болады.

19. Депозитордың деректері: _____

Штамм алынған ұйымның атауы: _____

Автор немесе авторлық ұжым: _____

Депозитордың мекенжайы, факсы, телефоны: _____

20. Патент ұстаушы туралы мәліметтер:

Берілген өтінім _____ № _____

Патент _____ № _____

Адресат және оның координаттары: _____

Зертхана меңгерушісі:

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Күні: 20 жылғы " "

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын
жүргізу қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Ақпараттық карта

Номенклатуралық деректер:

Тұқымы	Түрі, кіші түрі (вариант)	Типі
--------	---------------------------	------

Автор (лар) және сипатталған жылы		
Өсірінділер жөніндегі анықтамалықтағы нөмірі	коллекциялары дүниежүзілік коллекция	Акронимколлекция
		Коллекцияда берілген штамның нөмірі
Синонимдер:		
Кезеңдері:		

Тарихы:

Ретінде алынды (тұқым)	Түрі, кіші түрі (нұсқасы)	Алынған күні/айы/жылы
Алынды (тұлға немесе коллекция, олардың мекенжайы)		Штамның белгіленуі
Алынды (тұлға немесе коллекция, олардың мекенжайы)		Штамның белгіленуі
Алынды (тұлға немесе коллекция, олардың мекенжайы)		Штамның белгіленуі
Штам тарихы бойынша кез келген қосымша мәліметтер		
Басқа коллекцияларда бар-жоғы		

Шығу тегі:

Бөлінді (егер өсімдіктен, жануардан немесе қарапайым адамнан олардың тектік және түрлік атауын, сондай-ақ иесінің тривиальдық атауын беру керек болса)		Анатомиялық бөлігі (егер мүмкін болса)
Орналасқан жері		
Республика немесе облыс, штат немесе провинция	Жақын елді мекен	Қаладан (аудан) қашықтығы және бағыты
Теңіз деңгейінен биіктігі	Ендік (солтүстік немесе оңтүстік)	Бойлық (шығыс немесе батыс)
Кім бөлді	Штамның белгіленуі	Күні күн/ай/жыл
Кім сәйкестендірді:		Күні күн/ай/жыл

Ұстау:

Сақтау әдісі (қандай)	
а) бөлінген материалында	
б) агаризацияланған ортада	
в) лиофилизацияланған өсімді	
г) сұйық азотта	
д) топырақта	
е) майда	
ж) моншада кептірілген	
з) басқа (көрсету керек)	
Сақтау температурасы	
Сақтау ортасы	
Өсіруге арналған ортасы (атаңыз, сілтеме беріңіз немесе жеке бетте құрамын көрсетіңіз)	Температура
Өсу шарттары (мысалы: аэробты, анаэробты, арнайы газ қоспасы, жарық)	
Инкубация уақыты	Қайта егу мерзімі

Ерекше қасиеттері, қолданылуы (мысалы: типтік штамм, лимон қышқылының продуценті):

Сілтемелер (автор, журнал, том, бет, жыл):

1.

2.

3.

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын
жүргізу қағидаларына
8-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің
"Ветеринария бойынша ұлттық
референттік орталық"
шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнына

Микроорганизм штамын қайта депозиттеу туралы өтініш

Депозитор _____ жаңадан
депозиттелген

микроорганизм бастапқы депозиттелген микроорганизм екенін растайды
және _____

микроорганизм штамын қайта депозиттеуді жүзеге асыруды сұрайды.

1. Қайта депозиттеу себебі (қажеттісінің асты сызылсын):

1) бастапқы депозиттелген микроорганизм тіршілікке қабілетті емес

2) басқа себептер (қандай екенін көрсету керек) _____

2. Тиісті хабарламаның алынған күні _____

3. Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

4. Тұрғылықты және тіркелген мекенжайы/орналасқан мекенжайы (заңды
мекенжайы):

(индекс, қала (облыс), аудан, көше, үй (офис) нөмірі)

5. Байланыс телефондары (факс нөмірі): _____

—

6. Бастапқы депозиттеуге байланысты микроорганизмнің соңғы ғылыми сипаттауы

және/немесе таксономиялық анықтамасы* _____

Депозитор басшысы:

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Күні: 20 жылғы " "

Ескертпе: * микроорганизм штамының паспорты қоса беріледі.

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын
жүргізу қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Депозиттелген микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігі туралы куәлік

_____ (ұйымның атауы)

1. Депозитор _____

(аты және/немесе ұйымның атауы, мекенжайы)

2. Микроорганизм _____

(коллекцияда берілген атауы және тіркеу нөмірі)

3. Депозиттелген күні: _____

4. Берілген күні (бар болса): _____

5. Тіршілікке қабілеттілігі туралы куәлік

Осымен 2-тармақта аталған микроорганизмнің (жоғарыда көрсетілген микроорганизмдер) тіршілікке қабілеттілігі тексерілгені және аталған микроорганизм:

тіршілікке қабілетті

тіршілікке қабілетсіз

болып табылатындығы расталады.

4. Тіршілікке қабілеттілікке зерттеу жүргізілген шарттар _____

—

5. Ұйым: _____

Зертхана меңгерушісі:

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Күні: 20 жылғы " __ " _____

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын
жүргізу қағидаларына
10-қосымша
Нысан

Микроорганизмнің коллекциялық штамының паспортынан үзінді

1. Микроорганизм тегінің, түрінің, кіші түрінің аты: _____

2. Каталог бойынша штамм нөмірі: _____

3. Патогендігі сипаттамасы: _____

4. Штамды бөлу көзі (субстрат, географиялық пункт, бөлінген күні):

5. Штамның практикалық құндылығы: _____

6. Өсіру шарттары: _____

6.1. Қоректік ортаның құрамы _____

6.2 ортаның рН _____

6.3. Өсіру температурасы мен ұзақтығы _____

6.4. Мерзімді қайта себу кезінде штамның сақталу мерзімі _____

7. Коллекциядан алынған штамды беру нысаны _____

Зертхана меңгерушісі

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Күні: 20 жылғы " __ " _____

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының

Микроорганизмдер штамдарын ұйым тыс беру актісі

20__ жылғы _____ № _____

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

_____ (микроорганизмді берушінің лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, берген орны)

_____ (алушының лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, ұйымның атауы) ұйым басшысының өкіміне сәйкес _____

_____ микроорганизмнің (түрдің атауы, штамм нөмірі, объектілердің саны, орама түрі)) берілгені туралы осы актіні жасадық.

Берілген күні _____

Берді: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Қабылдады: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын
жүргізу қағидаларына
12-қосымша
Нысан
Бекітемін
Ұйым басшысы

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса),

тегі)

20__ жылғы " __ " _____

Зертхананың (ұйымның) ішінде микроорганизмдер штамдарын беру актісі

20__ жылғы " __ " _____ № _____

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

(патогенді микроорганизмді берушінің лауазымы, аты,
әкесінің аты (бар болса), тегі, берген орны)

(патогенді микроорганизмді алушының лауазымы, аты, әкесінің аты
(бар болса), тегі)

зертхана (бөлім) меңгерушісінің _____
өкіміне сәйкес _____

(түрінің атауы, штаммның нөмірі, объектілер саны, орам түрі)
патогенді микроорганизмді беру туралы осы актіні жасадық.

Берілген күні _____

Берді: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Қабылдады: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын
жүргізу қағидаларына
13-қосымша
Нысан
Бекітемін
Зертхана меңгерушісі

(аты, әкесінің аты (бар болса),
тегі)

20__жылғы "___" _____

Микроорганизмдерді уақытша сақтауға (сақтаудан кейін) беру актісі

20__жылғы "___" _____ №__

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

(микроорганизмді берушінің, алушының лауазымы, аты, әкесінің аты
(бар болса), тегі, берген орны)

зертхана (бөлім) меңгерушісінің _____
өкіміне сәйкес _____

(түрінің атауы, шамның нөмірі, объектілер саны, беру шарты: қайта себу құқығымен немесе құқығынсыз)

микроорганизмді беру туралы осы актіні жасадық.

_____ қаптамаланған
Көрсетілген микроорганизмдер _____ орналасқан
(бөлменің, сейфтің және тоңазытқыштың нөмірі)

_____ бір мезгілде берілді.
(есеп құжаттамасының атауы, сейфтің кілті)

Берілген күні _____

Берді: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Қабылдады: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Микроорганизмдердің
шамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген шамдарының
ұлттық коллекциясын
жүргізу қағидаларына
14-қосымша
Нысан
Бекітемін
Зертхана меңгерушісі

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса),
тегі)

20 __ жылғы " __ " _____

Микроорганизмдері бар сыйымдылықтарды себу немесе жою мақсатында ашып қарау актісі

20 __ жылғы " __ " _____ № _____

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

_____ (лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ (рұқсат берушінің лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
берген _____ рұқсатына сәйкес
(рұқсаттың нөмірі және күні)

_____ (ыдыстың атауы, түрдің атауы),

_____ (штамм нөмірі, объектілер саны)

_____ мақсатында
(микроорганизмдерді егу немесе оны жою))
микроорганизмдері бар сыйымдылық (тар) ды ашып қарадық.
Патогенді микроорганизмдердің қалдықтары бар сыйымдылық (тар) _____
_____ автоклавтаумен _____ немесе
(күні) _____ (автоклавтау режимі)

—
(дезинфекциялық ерітіндінің атауы, оның концентрациясы,
зарарсыздандыру уақыты)
батыру арқылы зарарсыздандырылды.
Сыйымдылық (тар)дың ашып қаралған күні _____
(қолдар)

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын
жүргізу қағидаларына
15-қосымша
Нысан
Бекітемін
Зертхана меңгерушісі

(аты, әкесінің аты (бар болса),
тегі)
20__ жылғы "___" _____

Микроорганизмдер штамдарын жою актісі

20__ жылғы "___" _____ №_____
Біз, төменде қол қоюшылар, _____

(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(рұқсат берушінің лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
берген _____
(рұқсаттың нөмірі және күні)
рұқсатына сәйкес _____
(түрдің атауы, штамм нөмірі, объектілер саны))
микроорганизмін _____
автоклавтау _____ (автоклавтау режимі)

немесе _____
(дезинфекциялық ерітіндінің атауы, оның концентрациясы,
зарарсыздандыру уақыты) батыру арқылы жойдық.
Микроорганизмнің жойылған күні _____

—
(қолдар)

Микроорганизмдердің
штамдарын депонирлеу,
Микроорганизмдердің
депонирленген штамдарының
ұлттық коллекциясын
жүргізу қағидаларына
16-қосымша
Нысан

Сынақ хаттамасы

20__ жылғы "___" _____ бастап

20__ жылғы "___" _____ дейін

Тәжірибе мақсаты _____

Материалдар мен жабдықтар _____

Зерттеу әдістері _____

Зерттеу нәтижелері _____

Қорытынды _____

Орындаушылар: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(қолы)

Күні: 20__ жылғы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК